



МҰРАТЖ- ҚАЗАЛЫ

№96

(2371)

Сәрсенбі

3 желтоқсан

2025 жыл

Газет

2003 жылдың

5 қаңтарынан

шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІ БЕКАРЫСТАН БИ АУЫЛЫНДАҒЫ СПОРТ КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫН КӨРДІ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов жұмыс сапарымен Бекарыстан би ауылына барып, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында салынып жатқан спорт кешенінің құрылысын көрді.

Аталған нысан – елді мекендегі дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамытуға, ауыл жастарының бос уақытын тиімді өткізуіне бағытталған маңызды әлеуметтік жоба. Қазіргі таңда спорт кешенінің іргетасының колонналарына бетон құю, электр және ауыз су желісін жүргізу жұмыстары атқарылды. Бүгінде темір қаңқалары тікейтіліп, монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Жалпы ғимараттың құрылыс-монтаж жұмыстары жоспарға



сәйкес жүріп жатыр.

Аудан басшысы мердігер ме-

кеме «Жылу ХХІ» жауапкершілігі

шектеулі серіктестігінің жауап-

ты өкілімен кездесіп, құрылыс жұмыстарының сапасы мен мерзімінде аяқталуын қатаң бақылауға алуды тапсырды. Сондай-ақ, нысан пайдалануға берілген соң оны тиімді пайдалану, ауыл жастары үшін спорт секцияларын ұйымдастырудың маңыздылығына тоқталды.

Айта кетейік, биыл Қазалы ауданында «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Бекарыстан би ауылынан бөлек, Әйтеке би кенті мен Қожабақы ауылдарында спорт кешендері, «Майдакөл» ауылында 100 орындық ауылдық клуб салынауда. Бұл жұмыстар – ауылдық жерлердегі әлеуметтік инфрақұрылымды жақсарту бағытындағы нақты қадам.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ – БАСТЫ НАЗАРДА

Аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетовтің төрағалығымен Қазалы ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның көшпелі отырысы өтті.

Әйтеке би кентіндегі Қазалы гуманитарлық-техникалық колледжінде өткен жиынға Қазалы ауданы прокурорының міндетін атқарушы Биқожа Жұмаш, комиссия мүшелері, мектеп директорлары, колледж студенттері мен мұғалімдері қатысты.

Көшпелі комиссия отырысын жүргізіп отырған комиссия төрағасы Дәурен Тлеумбетов комиссияның маңызы жөнінде айтып, күн тәртібіндегі мәселелерге кеңінен тоқталды.

- Бүгінгі жиынның басты мақсаты – балалардың қауіпсіздігі мен құқықтарының қорғалуы жөніндегі жұмыстардың жай-күйін жан-жақты әңгімелеп, қиын өмір жағдайындағы

жасөспірімдерге көрсетілетін қолдаудың сапасын арттыру, сондай-ақ мектеппен, ата-аналармен және жергілікті ұйымдармен өзара іс-қимылды күшейту жолдарын нақтылаймыз.

Балалар – біздің болашағымыз. Сол себепті олардың амандығы мен құқықтарын толыққанды қорғалуы – барлығымыздың ортақ міндетіміз. Өздеріңіз білесіздер, бүгінгі таңда жасөспірімдер мен жастар арасындағы құқық бұзушылық, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық, оларға қатысты кибербуллинг әрекеттері өте өзекті болып отыр. Сондықтан да жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстарды жандандырып, профилактикалық шараларды жүйелі жүргізуіміз қажет, - деді комиссия төрағасы Дәурен Оңғарбайұлы.

Басқосуда аудан прокурорының міндетін атқарушы Биқожа Жұмаш сөз сөйлеп, кәмелетке толмағандар



арасындағы қылмыстың алдын алуда бірлесіп жұмыс атқару қажеттігін айтты. Сондай-ақ, алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстарды жоспарға сәйкес жүргізу керектігін жеткізді.

Комиссия отырысында аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі ювеналды полиция тобының аға инспекторы Мархат Бегалиева Қазалы ауданында кәмелетке толмағандардың құқық

бұзушылық профилактикасы, кәмелетке толмағандарға қарсы жасалған қылмыстар туралы, Қазалы гуманитарлық-техникалық колледжінің директоры Мұрат Таңжарықов колледжде студенттер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстар және алдағы міндеттер жайындағы баяндады. Сонымен қатар, комиссияда аудандық поли-

ция бөлімінің ұсынысы қаралды.

Комиссия отырысын қорытындылаған Дәурен Оңғарбайұлы қаралған әрбір мәселенің хаттамасын рәсімдеп, тиісті органдарға таратылуын тапсырды. Сондай-ақ, берілген әрбір тапсырманың нәтижелі орындалуы тікелей өзінің бақылауында болатынын жеткізді.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР – АУДАН ЭКОНОМИКАСЫН КӨТЕРУДІҢ НЕГІЗГІ ТЕТІГІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен Өңірлік инвестициялық штаб отырысында берілген тапсырмаларға сәйкес, аудан әкімі Алмасбек Есмаханов аудан көлемінде жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалардың орындалуына байланысты мәжіліс өткізді.

Қазалы ауданы бойынша инвестициялық платформаға құны 8 млрд. теңге болатын 16 жоба енгізілген. Оның ішінде, 2,2 млрд. теңгенің 11 жобасы іске қосылса, жыл соңына дейін құны 60 млн. теңгенің 1 жобасы пайдалануға беріледі. Ал, Мемлекет басшысының тап-



сырмасына сәйкес елдің масына 6,5 млрд.теңгені инвестициялық ахуалын құрайтын 5 ірі жоба жақсарту мақсатында қолға енгізілген. Мәжілісте аудан әкімі жауапты орынбасары мен

тиісті сала басшыларына инвестициялық жобалардың орындалуы бойынша тұрақты мониторинг жүргізіп, іске асыру барысын бақылап, мемлекеттік қолдау шараларын көрсету және туындайтын мәселелерді дер кезінде шешуді тапсырды. Сонымен қатар, жобалардың «қызыл аймаққа» түспеуін қатаң бақылауға алуды ескертті.

– Инвестициялық жобалар – аудан экономикасын көтерудің негізгі тетігі. Сондықтан олардың орындалуына салғырт қарауға болмайды. Әр жоба – жаңа жұмыс орындары, халықтың әл-ауқатын арттыру, – деді Алмасбек Әбілқасымұлы.

ЕГІН ЕГУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ПЕН СУ ТАПШЫЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қазалы ауданында Қызылорда облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаевтың қатысуымен Сырдария өзеніндегі су тапшылығы мәселесі мен алдағы жылғы егін егу маусымының барысына байланысты арнайы мәжіліс өтті.

Мәжіліске ауданға жұмыс сапарымен келген «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалы директорының міндетін атқарушы Нәжмадин Шамұратов, Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік су инспекциясының басшысы Зейнулла Қазтоғанов, «Қызылорда крахмал-сірне зауыты» ЖШС-нің директоры Шухрат Құрбанов және «Аграрлық Несие Корпорациясы» АҚ облыстық филиалының өкілі Нұржан Жанадиев қатысты.

судың тапшылығы, егісті әртараптандыру жұмыстарын қолға алу, оның ішінде күріштің орнына су аз қажет ететін дақылдар, жүгері, мақсары және өзге де балама егістерді қолға алу керектігін жеткізді.

Сонымен қатар, «Жалаңтөс батыр» ЖШС-нің директоры Қасқырбай Әлімбай аудандағы егін шаруашылықтарының жағдайы жайында сөз қозғады.

Жиынды қортындылаған аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес егін шаруашылықтарында су үнемдеу технологияларын енгізу аса маңызды екенін атап өтті. Осы орайда, су тапшылығы жағдайында өнімділікті төмендетпеудің бір жолы – егіс алқаптарын әртараптандыру екенін айтты. Алдағы вегетациялық



Жиынды аудан әкімі Алмасбек Есмаханов жүргізіп, вегетациялық кезеңде аудандағы суармалы егіншілікпен айналысатын шаруашылықтардың өзекті мәселелерін көтерді. Сондай-ақ, биылғы егін егу жұмыстарының нәтижесімен келер жылғы егін егу кезеңіндегі жоспарланған жұмыстар жайында айтып өтті.

Мәжілістің күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша Талғат Дүйсебаев, Нәжмадин Шамұратов, Шухрат Құрбанов сөз сөйлеп, егістікті суармалы сумен қамтамасыз ету, биылғы жылғы Сырдария өзеніндегі

кезеңге дайындықты қазірден бастап, көктемгі дала жұмыстарына қажетті тұқым, тыңайтқыш және техниканы толық әзірлеу қажеттігін жеткізді. Су көздерін тиімді пайдалану, арналарды тазалау мәселелері де күн тәртібінен түспеуі тиіс екенін атап өтті. Барлық шаруашылық басшыларына нақты жоспармен жұмыс істеп, аграрлық саланың тұрақтылығын қамтамасыз етуде бірлесе әрекет етуге шақырды. Сонымен қатар, ауданға арнайы келіп, шаруаларға түсіндірме жұмыстарын жүргізген басқарма басшысы мен азаматтарға аудан жұртшылығының атынан алғысын жеткізді.

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ИДЕОЛОГИЯСЫ АЯСЫНДА МӘЖІЛІС ӨТТІ

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың тапсырмасына сәйкес «Заң мен тәртіп» идеологиясын жүзеге асыру мақсатында Қазалы аудандық прокуратура қызметкерлері, аудандық полиция бөлімі жергілікті полиция қызметі ювеналды полиция тобының инспекторлары, білім беру ұйымдарының басшылары мен орынбасарлары, ауылдық округтердегі заңгер мамандар және жастардың қатысуымен арнайы мәжіліс өтті.

Мәжіліске аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов төрағалық етіп, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік органдардың бірлескен іс-қимылының маңыздылығы жайында айтты.

–Қоғамдық қауіпсіздікті сақтау – мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның тұрақтылығы мен дамуына тікелей ықпал ететін стратегиялық міндет. Бұл бағытта прокуратура органдарының үйлестіруші және қадағалаушы рөлі айрықша маңызға ие. Қазіргі кезеңде қоғамдық тәртіпті сақтау саласындағы талаптар күшейіп, халықтың құқықтық мәдениеті мен құқық қорғау жүйесіне деген сенімі артып отыр. Осыған байланысты әрбір құқық қорғау органының әрекеті заңдылыққа, кәсібилікке, жедел әрекет етуге және алдын алу шараларының сапасына негізделуі қажет. Біздің ортақ міндетіміз – қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде барлық ресурстарды тиімді пайдалану, құқық бұзушылықтың кез келген көрінісіне жол бермеу және азаматтардың құқықтары мен тыныштығын қорғау, – деді Дәурен Оңғарбайұлы.

Жиында аудан прокурорының міндетін атқарушы Биқожа Жұмаш «Заң мен тәртіп» қағидатына кеңінен тоқталып, аудандық полиция бөлімінің бастығы Асылбай Аңсатов жастар мен кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы әңгімеледі. Ал, аудандық білім бөлімінің басшысы Әділхан Жөлекешов білім беру ұйымдарында атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы атқарылатын шаралар туралы баяндады.

Жиынды қортындылаған Дәурен Тлеумбетов «Заң мен тәртіп» идеологиясын жүзеге асыру мақсатында жүйелі жұмыстар атқарыла беретіндігін жеткізіп, барша жиынға қатысушыларды қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелеріне байланысты бірлесе жұмыс атқаруға шақырды.

**Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ – ҚОҒАМ КЕСЕЛІ

Өзге елдерде белең алған тұрмыстық заң бұзушылық біздің елде де көпшілікті алаңдататын өзекті мәселенің бірі. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа әкеп соғатын негізгі себептер – есірткі, ішімдік, құмар ойындарға тәуелділік. Ал, одан басқасы әлеуметтік сипаттағы проблемалар – материалдық жағдайдың жоқтығы, жұмыссыздық десек те болады.

Қазір байқасаңыздар, он отбасының жартысында тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайы кездеседі. Заң қатайған сайын тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырады дегендердің саны артты. Қазір әлеуметтік желінің дамығаны соншалық видео арқылы, суреттер арқылы өздерінің зорлық көргендерін ашық айтатын хабарламалар көбейді. Тіпті, лауазымды тұлғалардың небір құпиялары ашылды. Тіпті желіні пайдаланып қара пиар жасап жатқандары да кездеседі.

Өкінішке орай, елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың кез келген түрі әрбір сегізінші отбасында кездеседі.

Жақында Астанада өткен «Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» ұлттық баяндаманың таныстырылымында соңғы жарты жылда елімізде отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты 742 факті тіркелгені айтылды.

Зерттеулер бойынша, халықтың 80 пайыздан астамы қоғамда әлі де тұрмыстық-зорлық зомбылық бар екенін, әрбір төртінші респондент отбасылық жанжалдың куәсі болғанын растаған.

«Зорлық-зомбылыққа көбінесе әйелдер мен балалар ұшырайды, одан кейінгі тізімде мүгедек жандар, ер адамдар мен қарттар бар. Мамандар әсіресе балаларға қатысты көрсетілетін түрлі сипаттағы зорлық-зомбылық статистикасына алаңдаулы. Мектептерде әдеп сабағын енгізу, агрессорлармен жұмысты күшейту, отбасылық институттарының санын арттыру ұсынылып отыр» делінген баяндамада.

Осындай жағдайларда жиі туындайтын бір мәселе бар. Ол тұрмыста зорлық көрген әйелдер өзіне қол жұмсаған адаммен бір шаңырақтың астында тұрғылары келмейтіндігі. Әйелдердің дені қорқыныштан, болмаса баспанасыз қалмауы үшін көбіне көрсетілген зорлыққа амалсыз шыдауға бел байлайды. Зорлықтан зардап шегушілердің көбісі түрлі себептерге байланы-

сты полицияға хабарласуға асықпайды. Бірі отбасы жағдайының төмендігін ойласа, енді бірі бұл қадамы онсыз да берекесі кеткен шаңырағын одан әрі шайқалтып кетер деп қауіптенеді.

Қазіргі күрделі ахуал отбасындағы зорлық-зомбылық фактілерінің алдын алудың жаңа жолдарын іздестіру, тұрмыстық сипаттағы зорлық-зомбылықты тоқтату және оның алдын алу тетіктерін жетілдіруге бағытталған тиімді құқықтық және тәжірибелік шаралар қабылдаудың маңызды екенін көрсетті.

Сондықтан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған заңдарға қол қойды. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа криминалдық сипат беру мәселесі өзекті болып, көп талқылаудан кейін Заң күшіне енді. Соған қарамастан, отбасындағы кемсіту мен қорқыту қалыпты жағдайға айналып бара жатқандай.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен сәтті күрес жүргізудің негізгі шарты – қоғамның көзқарасын өзгерту. Сондықтан, тұрғындар арасында тұрмыстық, жыныстық, экономикалық, эмоциялық және тағы басқа зорлық-зомбылықтың немесе зорлық-зомбылық қатерінің салдарынан қиын жағдайға тап болған, тәуекел тобындағы тұлғаларға, көбінесе әйелдерге (мамандардың кеңес беруі, уақытша бөлмемен қамтамасыз ету, оңалуға және әлеуметтік бейімделуіне көмектесу), мерзімінде психологиялық, құқықтық кеңестер беру, өмірдің қиын жағдайына тап болған сәтсіз отбасылардағы балаларды анықтау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және отбасындағы әлеуметтік, құқықтық және психологиялық мәселелердің шешілуіне кешенді қолдау көрсету, семинар-сабақтарға қатыстыру, тағы басқа шаралар өткізу қоғамдық сана мен қалыптасқан стереотиптерді түбегейлі өзгертуге, отбасындағы зорлық-зомбылықтың салдарына сәйкес түсінік қалыптастыруға ықпал етеді.

Осы ретте, Отбасын қолдау орталықтарының бекітілген қағидасына сәйкес, Қазалы аудандық Отбасын қолдау орталығы зорлық-зомбылық жағдайында азаматтарға әлеуметтік-психологиялық, құқықтық кеңес беруді ұйымдастыру, оларды қалыпты отбасылық өмірге бейімдеу, отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алуға

бағытталған оқыту-ағарту іс-шараларын жүзеге асырып келеді.

Жыл басынан бері Орталыққа зорлық-зомбылық жөнінде өтініш берушілер тіркелмесе де, отбасылық дау-жанжалдар бойынша 7 кейс ашылды. Қазіргі таңда жоспарланған жұмыстар жүргізіліп, мамандар тарапынан отбасы мүшелеріне құқықтық-психологиялық және әлеуметтік көмектер көрсетіліп келеді.

Отбасылық жанжалдардың және отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша тұрғындар арасында ақпараттық-насихаттық, түсіндірме жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында халық көп шоғырланатын орындарда тоқсан сайын 2 мәрте үнпарақтар таратылды.

Тұрмыстық жанжалдар, жанұядағы келеңсіз әрекеттердің алдын алуға әлеуметтік-құқықтық шараларға басымдық бере отырып, отбасылық қатынастарды сауықтыру, отбасын сақтау және тараптарды татуластыру бойынша психолог көмегін беру де тиімді.

Осы ретте орталықтың психолог мамандарымен отбасылық дау-жанжалдар бойынша тұрақты психологиялық кеңес беру, әңгімелесу шаралары жүргізілуде. Бүгінге дейін кейстер бойынша 23 психологиялық кеңес беру және әңгімелесу сағаты өткізіліп, оған 29 отбасы мүшесі тартылған.

Орталықтың заңгер және психолог мамандарының қатысуымен алты «Ашық есік» күні ұйымдастырылып, 50-ге жуық азаматқа қызмет көрсетілді. Отбасы мүшелерімен, жасөспірімдермен және мектеп оқушыларымен 2 тақырыптық семинар-тренинг және 4 кездесу өткізіліп, 400-ден астам қатысушы қамтылды. Одан бөлек, Орталық заңгерлері Қазалы ауданының полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобы қызметкерлерімен бірлескен рейд шараларына тұрақты қатысады.

2025 жылғы 22 қазанда Орталық тұрмыстық және гендерлік зорлық-зомбылық мәселесіне назар аударуға, қоғамның хабардарлығын арттыруға және зорлық-зомбылыққа тап болғандарды қолдауға бағытталған «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» халықаралық акциясын өткізу бойынша іс-шаралар жоспарын бекітті.

Халықаралық науқан аясын-

да 25 қараша-10 желтоқсан арылығында интернет ресурстарында, атап айтқанда facebook және instagram әлеуметтік желілерінде «Біз цифрлық зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» атты тақырыптық жарияланымдар ұйымдастырылуда.

27 қарашада Цифрлық зорлық-зомбылықтың түрлері мен белгілері туралы ақпараттық материалдар әзірленіп, таратылды.

3 желтоқсан күні Әлеуметтік жауапкершілікті арттыру және қоғамдық зорлық қатынастарға қарсы күресу бағытында «Зорлық-зомбылық – қоғам кеселі» тақырыбында отбасылармен кездесу шарасы ұйымдастырылатын болады.

Құрметті аудан тұрғындары!

25 қарашада басталған халықаралық науқан қоғамдағы жауапкершілікті арттыруға, қауіпсіз орта қалыптастыруға және әйелдер мен балалардың құқығын қорғауға бағытталған маңызды бастама. Сондықтан баршаңызды бұл бастамаға белсенді үлес қосуға шақырамын.

Егер сіз немесе сіз білетін адам зорлық-зомбылық құрбаны немесе куәгері болса, жергілікті ішкі істер органдарына немесе Қазалы ауданының Отбасын қолдау орталығы қызметіне жүгініңіз.

Жәбірленушілердің тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау үшін «102» жүйесі, «111» отбасылар мен әйелдер және балалар мәселесі бойынша жұмыс істейтін мемлекеттік бірыңғай сенім телефоны жұмыс істейді.

Зорлық-зомбылық – қоғам кеселі. Балаларға қамқорлық жасау, ана мен баланың абыройы мен құқықтарын құрметтеу – бұл тек мемлекеттің ғана емес, сонымен қатар, жекелеген әрбір адамның міндеті екенін естен шығармауымыз қажет.

Үзіліссіз ұрпақ тәрбиесіндегі қос босаға – тәртіп пен мәдениет күллі адам атаулының күнделікті әдеттеріне айналған кезде, біздер мейірімі мол, қайырымды қоғамды құрып ғана қоймай, зорлық-зомбылықсыз балалық шақтың шаңырағын биіктете түскен болар едік.

Бейбіт ел, ынтымағы жарасқан халық, үлгілі отбасын құру бәрі де адамның өз қолында дегім келеді.

Жанар ҚАЗИҚЫЗЫ,
Отбасын қолдау орталығының кейс-менеджері,
«Amanat» партиясы филиалы жанындағы «Әйелдер қанатының» мүшесі

СОТҚА ДЕЙІНГІ ХАТТАМА РӘСІМІНЕ ТАРАПТАРДЫ ШАҚЫРУ



Сотқа дейінгі хаттама рәсімі – дауды сотқа жеткізбей шешу, тараптар арасындағы құқықтық қатынастарды реттеу және даудың мәнін нақтылау үшін қолданылатын құқықтық тетік. Бұл рәсімде тараптар құжаттармен алмасып, өз талаптары мен қарсылығын білдіреді, Сондай-ақ құқық бұзушылықтың мән-жайлары алдын ала айқындалады. Рәсімнің тиімді жүргізілуі тараптардың толық әрі дер кезінде қатысуына тікелей байланысты, сондықтан оларды шақыру тәртібі заңмен нақты регламенттеледі.

Тараптарды шақырудың мақсаты Сотқа дейінгі хаттама рәсіміне шақырудың негізгі мақсаттары мыналар:

1. Тараптарды рәсімнің басталғаны туралы хабардар ету;
2. Даудың мәніне қатысты жазбаша түсініктеме, дәлелдемелерді ұсынуға мүмкіндік беру;
3. Құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін түсіндіру;
4. Медиация немесе татуласу мүмкіндігін қарастыру;
5. Рәсімнің процессуалдық мерзімдерінің сақталуын қамтамасыз ету.

Шақыру тәртібі

Тараптарды сотқа дейінгі хаттама рәсіміне шақыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық немесе әкімшілік рәсімдік заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады. Шақыру келесі тәсілдермен жасалуы мүмкін:

- Жазбаша хабарлама (пошта арқылы);
 - Электрондық хабарлама (ЭЦҚ арқылы құжаттарды жолдау);
 - Жеке тапсыру (қолхат арқылы);
 - Телефон, SMS немесе мессенджерлер арқылы қосымша ескерту (қосымша тәсіл ретінде)
- Хабарламада міндетті түрде: шақырудың мақсаты;

рәсім өтетін күн, уақыт және орындау орны;

ұсынылуы тиіс құжаттар тізімі; келмеген жағдайда қолданылатын құқықтық салдар көрсетіледі.

Тараптардың құқықтары мен міндеттері

Шақырылған тараптар: рәсімге қатысуға; дәлелдемелерді ұсынуға; сұрақтар қоюға; құқықтық өкіл арқылы әрекет етуге;

татуласу келісімін жасауға құқылы. Сонымен бірге тараптар:

көрсетілген мерзімдерді сақтауға; қажетті құжаттарды толық әрі нақты беруге

өз мекенжайы мен байланыс деректерін уақтылы хабарлауға міндетті.

Шақыруға келмеудің салдары

Егер тарап шақыру алғанына қарамастан дәлелсіз себеппен рәсімге келмесе, келесі салдар болуы мүмкін:

рәсім материалдары оның қатысуынсыз дайындалуы; дәлелдемелерді ұсыну мүмкіндігінің шектелуі; даудың сотта қаралу барысында қарсы тараптың дәлелдері басым болуы;

белгілі бір жағдайларда процессуалдық шығындардың жүктелуі.

Сотқа дейінгі хаттама рәсіміне тараптарды уақтылы және дұрыс шақыру – дауды тиімді, әділ және заң талаптарына сай қарастырудың маңызды кезеңі. Бұл рәсім тараптардың өз ұстанымдарын еркін білдіруіне, дауды сотқа жеткізбей шешу мүмкіндігін қарастыруға және болашақ сот талқылауының сапасын арттыруға ықпал етеді.

Жадыра БЕРЖАН,
Қазалы аудандық сот
әкімшісінің бас маман-сот
отырысының хатшысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІНІҢ МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН АТЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ АКАДЕМИЯСЫ

Жас жігіттердің Р е с п у б л и к а с ы басым бөлігін Төтенше жағдайлар әскери қызмет министрлігі ор қызықтыратыны гандарында және белгілі. Олардың б ө л і м ш е л е р і н д е қ а т а р ы н д а қызметін жалғастыру «өрт сөндіруші-қ ұ т қ а р у ш ы » үшін жолдама алады.

А к а д е м и я н ы ң ма м а н д ы ғ ы н а күндізгі оқу қызығушылық таны- бөліміне Қазақстан тып жатқандар аз Республикасының 25 емес. Бұл мамандық жасқа дейінгі және ең игілікті деп бе- оқу жылы басталарға кер айтылмаған, дейін 17 жасқа себебі өрт сөндіру, толған, орта және адамдарды құтқару жалпы орта білімі нағыз ерлік. Қиын бар, әскери қызметке әрі аса қауіпті денсаулығы жарам жұмыс болғанымен, ды, оқуға түсерде көптеген ер- емтиханды (физи- азаматтар осы- ка және матема- м а м а н д ы қ т ы- тика пәндерінен) таңдауда. жетістікпен тапсырған және сайыстан

Қазақстан Рес- с п у б л и к а с ы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мәлік Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау академи- ясы - еліміздегі қ ұ т қ а р у ш ы л а р д ы дайындайтын жалғыз жоғары оқу орны.

Азаматтық қорғау а к а д е м и я с ы н ы ң «Өрт қауіпсіздігі» мамандығы бойынша күндізгі және сырт- тай оқу факультеті өрт қауіпсіздік бака- лавр біліктілігін беру арқылы жоғары кәсіпті мамандар- ды даярлайды. Азаматтық қорғау а к а д е м и я с ы н ы ң күндізгі оқу факультетіне оқуға түскен азамат- тар әскери тәртіп (казарма) бой- ынша мемлекет есебінен тамақтанып, ш ә к і р т а қ ы м е н қамтамасыз етіліп, жақсы жабдықталған жатақханада тұрады. Оқуды тәмамдаған соң, түлектерге мемлекеттік үлгідегі диплом, арнайы «азаматтық қорғау» лейтенанты атағы беріледі. Түлектер әрі қарай Қазақстан

Құрметті талап- керлер, еліміздің болашағы біздің қолымызда! Дұрыс таңдау жасаңыздар.

Ескертпе: Оқуға үміткерлер толық ақпаратты Әйтеке би кенті, Төремұрат жырау көшесі, №16 м е к е н - ж а й д а ғ ы Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінен немесе 8 (72438) - 22 - 1 - 51 байланыс телефоны- нан біле алады.

Қазалы
ауданының Төтенше
жағдайлар бөлімі

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компью- термен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11277 дана.